

**DEXP**

**ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

**Портативтік аудиожүйе  
DEXP P560**

## **Мазмұны**

<b>Құрылғының тағайындалуы .....</b>	<b>4</b>
<b>Сақтық шаралары.....</b>	<b>4</b>
<b>Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар.....</b>	<b>5</b>
<b>Құрылғының схемасы .....</b>	<b>7</b>
<b>Пайдалану жөніндегі нұсқаулық .....</b>	<b>8</b>
Bluetooth бойынша түйіндесу .....	8
Сигнал көзіне сызықтық қосылу .....	8
TWS (True Wireless Stereo) функциясы .....	8
Құрылғыны зарядтау.....	8
Құрылғыны мәжбүрлі қайта жүктеу.....	9
Файлдарды USB тасығыштан / жады картасынан ойнату.....	9
Радио режимі .....	9
<b>Ықтимал мәселелер және оларды шешу.....</b>	<b>9</b>
<b>Техникалық сипаттамалары.....</b>	<b>10</b>
<b>Жиынтықтама .....</b>	<b>10</b>
<b>Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары .....</b>	<b>11</b>
<b>Қосымша ақпарат.....</b>	<b>12</b>

## Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағыныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтама-лық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғының тағайындалуы

Портативті музыкалық ойнатқыш музыканы ойнатуға, оның ішінде желілік розеткаға қолжетімділігі жоқ орындарда ойнатуға арналған.

## Сақтық шаралары

1. Осы құрылғыны жылу көздері мен қыздыру элементтеріне тікелей жақын жерге орнатпаңыз.
2. Құрылғыны шаң, ылғал және тікелей күн сәулелерінің әсерінен қорғаңыз.
3. Осы құрылғы IPX5 ылғалдан қорғау дәрежесіне ие: құрылғыны жаңбырдан қорғайды, оны жағажайда, бассейнде, қайықта және белсенді демалыстың басқа түрлерінде пайдалануға мүмкіндік береді.
4. Құрылғыны суға батырмаңыз және су көздеріне тікелей жақын жерде пайдаланбаңыз. Егер су құрылғы корпусына тиген жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
5. Құрылғыны құлаудан, соғылудан, шайқалудан сақтандырыңыз.
6. Құрылғының бүлінуіне және пайдаланушының денсаулығына зиян келтіруге жол бермеу үшін, құрылғыны корпусының ішіне бөгде заттардың түсуінен қорғаңыз.
7. Құрылғымен жүргізілетін біліксіз әрекеттер (түрлендіру, жөндеу және т.б.) құрылғыға және Сіздің денсаулығыңызға зиян келтіруі мүмкін. Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін ішкі элементтер жоқ.
8. Ашық жалын көздерін құрылғының жанына, сондай-ақ тікелей оның корпусына қоймаңыз.
9. Тұрақсыз және әркелкі беттерге құрылғыны орналастырмаңыз.
10. Құрылғының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін желдеткіш саңылаулардың бұғатталуын болдырмаңыз. Құрылғыны жұмсақ беттерге (диван, орындық, кілем және т.б.) орналастырған кезде, ауа айналымын қамтамасыз етіңіз.
11. Құрылғыны құлағаннан кейін, сондай-ақ аспаптың немесе қуат баусымының көзге көрінетін зақымдары болса, пайдаланбаңыз. Сервистік орталыққа хабарласыңыз.
12. Жұмысында кез-келген ақаулар анықталған кезде, тез арада құрылғыны сөндіру және авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну керек.
13. Құрылғыға күтім жасау үшін, құрамында бензині бар заттарды, аэрозольдерді, спирттерді, еріткіштерді және т.б. пайдаланбаңыз, өйткені олар құрылғының

элементтеріне, сондай-ақ боялған бетке зиян тигізуі мүмкін. Құрылғыны тазалау үшін, тек қана жұмсақ құрғақ (немесе аздап ылғал) матаны пайдаланыңыз.

14. Тек қана түпнұсқа аксессуарларды пайдаланыңыз.
15. Музыканы жоғары дауыста тыңдау Сіздің есту қабілетіңізді бүлдіруі мүмкін.
16. Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
17. Құрылғы балалардың және дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа тұлғалар бақылау жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда. Балалардың құрылғымен ойнауына рұқсат етпеңіз.

## **Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар**

*Құрметті пайдаланушы! Назар аударыңыз, сатып алған құрылғыңыз қуат көзі ретінде литий негізіндегі аккумуляторды пайдаланады. Өтініміз, төменде көрсетілген ақпаратпен мұқият танысыңыз. Бұл Сізге аккумуляторыңыздың қызмет мерзімін ұзартуға және оны пайдаланған кезде қолайсыз салдарды болдырмауға көмектеседі.*

### **АКБ табиғи тозуы**

Құрылғыны ұзақ сақтаған және пайдаланған кезде аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша – «АКБ») заряды мен сыйымдылығын жоғалта бастайды. Құрылғыны пайдалану кезінде 300 зарядталу-зарядсыздану циклінен кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдалану), АКБ сыйымдылығы номиналды мәнінен 80 %-ке дейін төмендеуі мүмкін. 400 зарядталу-зарядсыздану циклінен кейін АКБ сыйымдылығы номиналды сыйымдылығының 60%-не дейін төмендеуі мүмкін. Сыйымдылықтың көрсетілген шектерде және уақыт кезеңдерінде ішінара төмендеуі – бұл АКБ табиғи тозуы, бұл ақау болып табылмайды.

АКБ тіпті құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да зарядын жоғалтады. Зарядтың өздігінен таусылуы айына шамамен 5% құрайды. АКБ өз құрылысы бойынша ұзаққа шыдамайды және олардың пайдаланылатынына немесе пайдаланылмайтынына қарамастан үнемі деградацияға ұшырайды. Температура неғұрлым жоғары болса, және зарядтың шамасы 40 %-ке тең болып саналатын «оңтайлы» мәнінен неғұрлым алыс болса (сақталуы тұрғысынан), осы деградация соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса да, зарядты 40-50 % деңгейінде ұстап тұрған жөн.

#### **1. Тек қана түпнұсқа зарядтау кәбілін ғана пайдаланыңыз.**

Аккумуляторлық батареяның зарядталу-зарядсыздану қабілетін оған кіріктірілген контроллер басқарады. Түпнұсқа жиынтық құрамына кірмейтін сыртқы зарядтау құрылғыларына мәжбүрлі түрде «тез зарядтау» режимдеріне қосуға мүлде болмайды, өйткені зарядтау мен зарядсыздандыру токтары шектелген. АКБ-де «жады әсері» жоқ. АКБ зарядсыздандыруды/зарядтауды кез келген

заряд деңгейінен бастауға болады. Құрылғылардың көбінде зарядталу/зарядсыздану дәрежесі бойынша шектеу қойылған – егер, мысалы, заряд 90 %-тен көп болса, контроллер АКБ зарядталуына мүмкіндік бермеуі мүмкін. Сонымен қатар ол АКБ элементтерінің («қатты зарядсыздану» әсерінен) істен шықпауы үшін, оның толығымен зарядсыздануына мүмкіндік бермейді.

Егер АКБ зарядсызданған күйінде 2 апта және одан көп уақыт болса, оның элементтерінде сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі орын алады, соның салдарынан АКБ-ның өзі істен шығады.

Егер АКБ құрылғысының заряды таусылған болса және біраз уақыт бойы пайдаланылмаған болса, құрылғыны қайта пайдалану алдында оны шамамен 1-2 сағатқа ЗҚ-ға қосып қою қажет.

## **2. Температуралық режимді сақтаңыз**

АКБ +15 °С-ден +35 °С-ге дейінгі температурада зарядталған күйде сақталуы керек. АКБ өте жоғары (+50 °С-ден жоғары) және өте төмен (-30 °С-ден төмен) қоршаған орта температурасында ұзақ мерзімді пайдалануда нашар жұмыс істейді. Құрылғыға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз, сондай-ақ оны жылу көздеріне, мысалы, электр жылытқыштарға тікелей жақын жерге қалдырмаңыз.


## **3. Зақымдану іздері бар АКБ-ларды бөлшектемеңіз, өртемеңіз, пайдаланбаңыз.**

Ешбір жағдайда АКБ-ны өзіңіз бөлшектемеңіз және олардың элементтерін өзіңіз зарядтамаңыз, мұны білікті мамандар жасауы тиіс. Элементтердің тесілуі немесе майысуы ішкі қысқа тұйықталуға, кейін тұтануға және жарылуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусы ашылған кезде, элементтің ішіне су түсуі мүмкін немесе атмосфералық ылғал сұйықталуы мүмкін, бұл сутегі бөліп шығаратын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін. Зақымдалған АКБ адамның денсаулығы үшін зиянды заттар бөледі.

АКБ штаттық режимде жұмыс істеуін тоқтатқан, қандай да бір себеппен пішіні өзгерген (ісініп кеткен, солып қалған) жағдайда, авторландырылған сервис орталығына дереу хабарласу керек.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** батареяның жұмыс уақыты көптеген факторларға байланысты (тыңдау ұзақтығы, дыбыс деңгейі және т.б.); нақты жұмыс уақыты көрсетілгенге сәйкес келмеуі мүмкін. АКБ зарядтау циклдерінің шектеулі санына мүмкіндік береді және біршама уақыттан кейін ауыстыруды қажет етуі мүмкін. АКБ-ның жұмыс уақыты пайдалану режиміне және баптауларға байланысты болады.



## Құрылғының схемасы



1. «○»: батырмасы: құрылғыны қосу/сөндіру үшін басыңыз және басып ұстаңыз.
2. «∞»: батырмасы: TWS режимін қосу.
3. «FM/Bluetooth»: батырмасы: Bluetooth және FM режимдері арасында ауысу үшін басыңыз.
4. «▶»: батырмасы: ойнату режимінде ойнату/кідіріс үшін басыңыз.
5. «☀»: батырмасы: RGB-жарық режиміне ауысу үшін басыңыз.
6. «↔»: батырмасы:
  - Дыбысты ұлғайту үшін басыңыз.
  - келесі композицияға ауысу үшін басып, ұстап тұрыңыз.
7. «⇐»: батырмасы:
  - Дыбысын азайту үшін басыңыз.
  - алдыңғы композицияға ауысу үшін басып, ұстап тұрыңыз.
8. Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы.
9. Сыртқы тасымалдаушылардан аудиофайлдар оқуға арналған USB-ажыратқыш.
10. Құрылғыны зарядтауға арналған Type-C ағытпасы.
11. Желілік қосылыс ағытпасы (AUX).
12. Құрылғыны қайта жүктеуге арналған саңылау.

# Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

## Bluetooth бойынша түйіндесу

1. Құрылғыны қосу үшін «» батырмасын басыңыз, құрылғы дыбыстық сигнал береді.
2. Өзіңіздің мобильдік құрылғыңыздан Bluetooth -ді белсендіріңіз.
3. Қосуға қолжетімді Bluetooth-құрылғыны іздеңіз, тізімнен «DEXP P560» таңдаңыз.
4. Құрылғының атауын басыңыз және қосылысты орнатыңыз, жарық шамы жыпылықтауды тоқтатады, құрылғы дыбыстық сигнал береді.
5. Сигнал көзіндегі ойнатуды немесе құрылғының басқару панеліндегі батырмалардың көмегімен басқарыңыз.
6. Bluetooth-құрылғымен жұпты ажырату үшін, «» батырмасын басып, ұстап тұрыңыз.




**Назар аударыңыз:** microSD картасын немесе AUX кәбілін қосқан кезде, Bluetooth қосылысы үзіліп, қосылған тасымалдағыштан ойнату басталады, олар өшірілген кезде қалпына келтіріледі.

## Сигнал көзіне сызықтық қосылу

1. Жиынтықтағы аудиокәбілдік көмегімен сигнал көзіне құрылғыны қосыңыз.
2. Құрылғыны автоматты түрде ойнай бастайды.
3. Құрылғы-көзде ойнатуды басқарыңыз.

## TWS (True Wireless Stereo) функциясы

TWS (True Wireless Stereo) технологиясы стереодыбыс әсері бар екі арналық сымсыз жүйе құру үшін Bluetooth бойынша түйіндескен екі бағанды пайдалануға мүмкіндік береді.

1. TWS-қосылыс жасау үшін, екі бағанды Bluetooth сигналының қамту диапазонында орналастырыңыз. Қос құрылғы қосылыс кезінде бірдей атауға ие болуы тиіс.
2. Қос бағанды қосыңыз, құрылғылардың біріндегі «» батырмасын басыңыз. Осы құрылғы жұптасып «жетекші» құрылғыға айналады, ал оның «» батырмасы жарықтана бастайды.
3. Қос құрылғыны сигнал көзіне қосыңыз.
4. TWS-жұпты ажырату үшін, жетекші бағандағы «» батырмасын басыңыз.

## Құрылғыны зарядтау

1. Құрылғыны сөндіру үшін «» батырмасын басыңыз.
2. Құрылғыны қуат көзіне жиынтыққа кіретін Type-C кәбілінің көмегімен қосыңыз, батарея зарядының барлық 4 индикаторы жанады.
3. Зарядтау циклының ұзақтығы: 4-6 сағат.
4. Құрылғыны зарядтау кезінде дыбысты ойнатқанда, зарядтағыштың бүлінуіне жол бермеу үшін, дауыс қаттылығын максималл деңгейге қоймаңыз.
5. Аккумуляторлық батареяның қызмет ету мерзімін қысқартпау үшін, құрылғыны қатарынан 8 сағаттан астам зарядтамаңыз.



## Құрылғыны мәжбүрлі қайта жүктеу

Егер құрылғы батырмаларды басуға жауап бермесе немесе өшірілмесе, тиісті тесіктегі қайта жүктеу батырмасын жұқа қатты затпен (мысалы, қағаз қыстырғышпен немесе түйреуішпен) басыңыз.

## Файлдарды USB тасығыштан/жад картасынан ойнату

1. «О» түймесін басып құрылғыны қосыңыз.
2. USB тасығыштан немесе жад картасынан аудио файлдарды ойнату үшін, тасығышты құрылғының тиісті ұяшығына салыңыз. Ойнату автоматты түрде басталады.
3. Ойнатуды құрылғы панеліндегі тиісті түймелер көмегімен басқарыңыз.

**Ескерту:** құрылғы Bluetooth режимінде жұмыс істегенде тасығышты тиісті ұяшыққа салу тасығыштан ойнатуды автоматты түрде бастайды. Bluetooth режиміне ауысу үшін «М» түймесін басыңыз.

## Радио режимі

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** радио функциясының толық жұмыс істеуі үшін құрылғыға зарядтау кабелін (оның екінші ұшын қуат көзіне қоспай) жалғау керек. Бұл кабель радио-антенна ретінде де қызмет етеді.

1. Micro-USB кабелін FM антеннасы ретінде қосыңыз.
2. «О» түймесін басып құрылғыны қосыңыз.
3. Радио режиміне ауысу үшін «М» түймесін басыңыз.
4. Радиостанцияларды автоматты түрде іздеуді бастау үшін «▶» түймесін басып ұстап тұрыңыз.
5. Анықталған радиостанциялар арасында ауысу үшін «-» және «+» түймелерін басып ұстап тұрыңыз.

## Ықтимал мәселелер және оларды шешу

Проблема	Шешімі
Құрылғы қосылмайды.	Аккумулятордың заряд деңгейін тексеріңіз.
Дыбыс жоқ немесе тым тыныш дыбыс.	Ойнатқыштағы және сигнал көзіндегі дауыс деңгейін тексеріңіз. Қажет болған жағдайда, дауыс қаттылығын ұлғайтыңыз. Сигнал көзінің ойнатқышқа қосылу дұрыстығын тексеріңіз.
Дыбыстың бұрмалануы.	Тікелей сигнал көзінде дауыс қаттылығын оңтайлы деңгейге дейін баптаңыз.
Құрылғы «тоқтап қалды»	Құрылғыны мәжбүрлі қайта жүктеуді жасаңыз.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: P560.
- Шығыс қуаты: 40 Вт.
- Арналар саны: 2.1.
- Динамиктер: 3", 4 Ω x 2.
- ЖЖ динамик: 2", 4 Ω.
- Жиілік диапазоны: 70-18000 Гц.
- Сигнал/шу арақатынасы: ≥ 55 дБ.
- Сызықтық емес бұрмалану коэффициенті: ≤ 10%.
- Ылғалдан қорғау дәрежесі: IPX5.
- Bluetooth нұсқасы: 5.1.
- Bluetooth стандарты: IEEE 802.15.1.
- Таратқыштың қуаты: 4 дБм.
- Сымсыз жиілік диапазоны: 2402-2480 МГц.
- Әсер ету радиусы: 10 м.
- Bluetooth профильдері: A2DP, AVCTP, AVDTP, AVRCP, HFP, SPP, SMP, ATT, GAP, GATT, RFCOMM, SDP, L2CAP, PROFILE.
- RGB жарық.
- Сыртқы тасымалдаушылардан аудиофайлдар оқуға арналған USB-ажыратқыш.
- Оқылатын жадының максимал көлемі: 32 Гб.
- Қолданылатын файл форматтары: MP3, WAV, WMA, FLAC, AMR.
- Қорек: Type-C, DC 5 В, 1-2 А.
- Кіріктірілген аккумулятор: 3.7 В, 3000 мА·ч.
- Аккумулятордың ойнату режимінде жұмыс істеу уақыты: 7 сағат\*.
- Бұйымның габариттері: 356 x 178 x 134 мм.

## Жиынтықтама

- Портативтік аудиожүйе DEXP P560.
- Зарядтау кәбілі USB-Type-C.
- Аудио кәбілі AUX 3.5 мм.
- Тасымалдауға арналған белдік.
- Пайдаланушының нұсқаулығы

---

\* Ойнату уақыты дауыс қаттылығына және музыка сапасына байланысты.

## **Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары**

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қояды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С-ден 40 °С дейінгі температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, лас, соққылар, ылғал, от және т. б. әсерінен сақтаңыз.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз, дұрыс қолданылмаған жағдайда, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Хуэйчжоу Цземэйсы Тэкнолоджи Ко., Лтд.

№ 63, Цинтан Дашулин Хумэй көш., Сяоцзинькоу Стрит Офис, Хуэйчэн ауданы, Хуэйчжоу қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:** ТОО «ДНС КА-ЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:** «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 12 ғимарат, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сипаттізімдері, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықталымы мен функционалы пайдаланушыға алдын-ала ескертілмей өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club)



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.4

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

**Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- Жалғаушы кәбілдер, антенналар және оларға арналған ұластырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық қамтым (БҚ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған сымдар, монтаждау айлабұйымдары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдары және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:**

- Кепілдік мерзімі өтіп кеткен жағдайда.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымның иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шектен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауап бермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: жарықтар, сызаттар, деформациялар, соққы іздері, майысқан, мыжылған жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т. б. зақымданулар.
- Сыртқы түрлендірулердің, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдардың жүргізу іздері болса. Егер ақау бұйым конструкциясының немесе схемасының өзгеруіне, өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, жергілікті заңнамаға сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер ақау еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттан, өрттен, су тасқынынан, жер сілкінісінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан) немесе үшінші тұлғалардың Өндіруші болжай алмаған әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйым сәйкестендірілмесе немесе сәйкес келмесе (сериялық нөмірі). Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінде ұқсас қызметтер ұсынылмауына байланысты, арылту/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қатынай алмауға әкелетін, құпиясөздерді (кодтарды) орнатудан, ауыстырудан немесе жоюдан туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қуат бергіш, кәбілдік желілерінің, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулықтар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жады карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алу-дан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.





[www.dexp.club](http://www.dexp.club)